

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы № 8 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 13 қаңтарда № 7988 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 17 бабының 1-1) тармақшасына, 69 бабының 4 тармағына және 71-1 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес, Мұғалжар ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Ивахненко Максим Иванович" жеке кәсіпкермен пайдалы қазбаларды барлау үшін Мұғалжар ауданы, Құмсай ауылдық округі аумағында орналасқан жалпы алаңы 1 гектар жер учаскесіне жер пайдаланушылардан алып қоймай, 2023 жылдың 25 қарашасына дейінгі мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Мұғалжар ауданы бойынша жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Мұғалжар ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Мұғалжар ауданының әкімі

А. Шериязданов